

Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің Президенті,
физика-математика ғылымдарының докторы, профессор У.С.Әбдібеков мырзаға

ХҚТУ-нің студенттерінің ата-аналары
Артыков Сайлаубайдан,
Перхашов Бахиярдан,
Тулемисова Банудан,
Батырханова Лаззаттан,
Қозыбаев Баймураттан
8-702-694-11-69

8-777-530-77-53

Ө Т І Н І Ш

Біздер, ұлдарымыз, жалпы медицина факультеті 3 курс студенті Түгелбай Дінмухамед, жалпы медиуина факультеті 4 курс студенті Ләтіпбек Нурдаулет, инженерия факультеті 4 курс студенті Қадыхахан Мақсат, жалпы медицина факультеті 3 курс студенті Сыздық Аңсаған, медицина, стоматология факультеті 3 курс студенті Бимырза Бақбергендердің ата-аналары, бүгін ұлдарымыздың сабақ оқу кестесі бойынша аты-жөндері тізімде жоқ болған соң арызданып отырмыз.

Өзіңізге мәлім болғандай платонус арқылы 138-дей шамасында студенттердің емтихан бағалары өзгертілген. Осындай заңсыз іс-әрекеттердің орын алуына сол жерде жұмыс істейтін университеттің қызметкерлері тікелей жауапкершілікте болып және қасақана жасаған. Платонус бағдарламасымен жұмыс жасауда студенттер қолжетімділігі жоқ. Осындай масқара жағдай қай уақыттан бастау алғаны бізге беймәлім. Бізге беймәлім платонусқа жауапты қызметкерлер, өздерінің баға өзгертуде қолжетімділігінің бар екеніні біліп, ақша алып пайдалану мақсатында студенттер арасына сөз жіберіп, үгіт жұмыстарын жүргізген. Соның салдарынан студенттер арасында баға түзету бойынша сөздер тарап, ақша беріп баға түзетулер басталған. Толық болмасада баға өзгертулер жасаған студенттердің тізімі бар оның ішінде қызбалдарда бар. Осы қызбалдар біздің ұлдарымызға, өздеріне таныс болған адамдарына ақша беруін сұранған, өйткені өздерінің



бере алмайтындығын айтқан. Біздің ұлдарымыз, таныстары болған соң, өтініштері бойынша ақшаларын айтқан адамдарына берген. Сұрастыру барысында анықталғаны, ұлдарымыздың ақша берген адамдары әр түрлі курстың студенттері. Түсінік алар кезде, «Сен Бекмураттың атын көрсетіп, соған бердім деп жаза бер, саған ештеңе болмайды, біз платонуста істеген қызметкерге шара көреміз деп» іс-әрекетті бұрмалап түсініктер алынған. Ұлдарымыз ақшаны не үшін бергендерін білмейді, өздерімен қатарлас студенттердің сөздерін тастай алмай, өтініштерін орындаған.


Құрметті Уәлихан Сейділдәұлы, біздер, ұлдарымызды 11 жыл мектеп қабырғасында жақсы оқытып, отанымыздың келешек ұрпағы болуға әділдікке тәрбиелеп, жоғарғы оқу орнына тапсырдық. Өзіміз жырақта жүріп, университеттің оқу-әдістемелік бағдарламасына толық сенім артып, студенттік этиканы ұстаздар үйретіп, ұлдарымыздан білікті маман иелері шығады деп мол сенімде болдық. Алайда, ХҚТУ-нің атына кір келтіретін платонусқа жауапты қызметкерлер тарапынан, біздің және басқа да ата-аналардың ұл-қыздарына сыбайластық пен жемқорлыққа итермелеулер болған. Біздің ұлдарымыздың емтихан пәндері бойынша бағаларында өзгертулер болған емес, тек алдық-бердік деген сөздер.

Ұлдарымыздың университет қабырғасынан шығарылған жағдайда, білім министрілігіне және басқа да құзырлы органдарға шағымданатындығымызды, ата-аналардың жан айқайын жеткізу үшін барлық ақпарат құралдары арқылы жария етуге дайын екендігімізді ескерткіміз келеді.

Уәлихан мырза, Сіздің Алматы қаласындағы Қазақ Ұлттық Университетін басқарудағы мол тәжірбиенізбен, республика көлеміне танымал ұстаздық және ғылыми еңбектеріңізге мол сенім артып, ұлдарымыздың оқуларын жалғастыруға рұқсат етуіңізді сұранамыз.

Алдын ала алғысымызды білдіреміз.

ата-аналары:



Артықов Сайлаубайдан,
Перхашов Бахиярдан,
Тулемисова Банудан,
Батырханова Лаззаттан,
Қозыбаев Баймураттан

04.09.2017 жп